

«Сарыжар ЖОББМ» КММ-нің 1 «Ә» класс мұғалімі
Нуркасынова Лиза Мырзаголовнаның
2023-2024 оку жылы бойынша жүргізген жұмыстарына сараптама

2023-2024 оку жылында 1 «Ә» сыныбына 20 оқушы қабылданды . Оның 9 үл бала , 11 қыз бала.


Оқушылардың әлеуметтік жағдайына тоқталатын болсақ Атаулы әлеуметтік көмек алатын 1 оқушы Қарасай Қайыржан. Аз қамтылған отбасы жоқ . Көп балалы 11 отбасы бар . Ата-әжесі мен тұратын 1 оқушы Нұргалиева Ақниет Саматқызы.

Жоспар бойынша барлық жұмыстар жүргізілді. Әліппе пәнніен Буын, Сөз ,Сөйлем дыбыстармен таныстық. Математика пәнінен 10 га дейінгі сандар құрамы мен таныстық . Сыныпта оқу бағдарламасын менгермей отырған оқушы жоқ .

Сынып сағаттары өз уақытында өткізілді .

1 қыркүйек күні оқушыларға мектеп алаңында жиын өткізілді. Сонымен қатар, сыныпта оқушылармен танысу тренингі өткізіліп, «Мектепке алғашқы қадам» атты тәрбие сағатымен жалғасын тапты. Жиыннан кейін оқушыларға мектеппен танысу жүргізілді.

15 қыркүйек отбасы күніне байланысты оқушылармен пікір алмасып, «Отбасы-бақыт мекені» атты тәрбие сағаты өткізілді. Қыркүйек айының соңғы аптасынан бастап балалар ыстық тамақпен қамтылды.



1 қазан Қарттар күніне орай «Қарттарым – асыл қазынам» атты тәрбие сағаты арқылы оқушыларға үлкен кісілерге қамқорлық танытып, құрмет көрсету керек екендігі туралы айттылды. Интербелсенді тақтадан видео ролик көрсетілді.

5 қазан мұғалімдер күні атальп өтілді. Мектебімізде өзін-өзі басқару күні өткізілді. Мерекеге орай «Ұстаз – ұлы есім» атты мерекелік шара өткізілді. Оқушылар ұстаздарды мерекесімен құттықтады.

11 қазан күні мектебімізде «Ашық есік күні» өткізілді. Сол күні сабак кестесіне сай, ата-аналар балаларының сабактарына қатысты.

Мектебімізде 16-23 қазан аралығында бастауыш сынныптар арасында күз мерекесіне орай «Күзгі жәрменеке » ұйымдастырылды. Жәрменекеге көптеген күзгі өнімдерден дайындалған тағамдар ұсынылды. Көрмеге ата-аналар мен оқушылар белсене қатысты. Жәрменекеден түсken 14750 теңге қайырымдылық қорына тапсырылды.

25 қазан Республика күні атап өтілді. Сыныпта «Мәнгі жаса Қазақстаным!» атты тәрбие сағаты өткізіліп, оқушыларға еліміздің,

республикамыздың



мәдениеттік магнитофон мұнайшылдылығы туралы



түсіндірме жүргізілді.



Оқушылар күзгі каникулдан жақсы көніл күймен оралды. Қараша айының 13-ші жүлдүзынан бастап бастауыш сыйыптар бірлестігінің жоспарына сай «Бастауышым-бастамам, Білім жолын бастаган!» тақырыбында онкүндік іс-шараасы өткізілді. Алғашкы апта ашық сабактар өткізілді. 16 қараша күні әліппе пәннен «6 санын қосу және азайту» тақырыбында ашық сабак өткізілді. Сабакқа өте жоғары деңгейде өткізіліп, оқушылар белсенді қатысты.



20 қараша күні «Әнші балапан - 2023» жас өнерпаздар сайысына қатысып, Қарасай Қайыржан қатысып Алғыс хатпен марапатталды.



22 қараша күні «Шебер қолдар – 2023» жас шеберлер байқауына қатысып, Боранбай Жанәли I-орын иеленді.



23 қараша күні мектебімізде ашық есік күні өткізілді. Бірнеше ата-ана келіп, әліппе, математика, дүниетану сабактарына қатысты. 24 қараша күні М.Жұмабаевтың 130 жылдығына орай «Мен жастарға сенемін» атты мәнерлеп оқу сайысына қатысып, Қошқарбай Әмірхан жүлделі II орынды иеленді. Апталық кезінде ұйымдастырылған «Көңілді қоңырау» ойындарына оқушылар қызыға, белсенді қатысты.

16 желтоқсан «Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.



Мереке орай бастауыш сыныптар арасында ұйымдастырылған, «Менің отаным – Қазақстан» атты мәнерлеп оқу сайысына қатысып, Амангельдинова Ханшайым I-орын иеленді.

25 желтоқсан күні жаңа жылдық шыршаға қатыстық. Оқушылар ертенгілік кезінде өз өнерлерін көрсетіп, Аяз Атадан сыйлықтарын алды. Ертенгілікке оқушылар жақсы көңіл-күйде қатысты.

28 желтоқсан күні «Қош бол, Әліппе» атты әліппемен қоштасу тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар осы уақытқа дейінгі алған білімдерін тәрбие сағаты уақытында көрсетті. Тоқсан аяғында 20 оқушы аяқтады. Ақпан айының 5-12 аралығында оқушыларға қосымша демалысқа шықты.


Қантар айында «Тарихқа тағзым» , «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» және ақпан айында қосымша демалыстан оралған соң « Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім» тақырыбында өткен тәрбие сағаттары қызықты етті. Сонымен қатар оқушылар түрлі олимпиадаларға қатысып отырды.

Республикалық «KidsСтарт» олимпиадасына 12 оқушы қатысып жүлделі орындар иеленді.



Ақпан айында «Дарын» Республикалық Ғылыми практикалық орталығының ұйымдастыруымен «Ақбота» зияткерлік олимпиадасына 8 оқушы қатысып, жүлделі I және II орындарды иеленді.

8-наурыз аналар мерекесіне арналған «Ана – өмірдің гүлі» атты оқушылардың өнерлерімен аналарға арналған мерекелік шара өтті.



22-наурыз Ұлыстың ұлы күні мерекесіне арналған «Наурыз – ұлыстың ұлы күні» тақырыбында ата-аналармен бірлесе үйымдастырылған мерекелік тәрбиелік шара үйымдастырылды



Наурыз айында «Мың бала» зияткерлік орталығының үйымдастыруымен «Мақатаев оқулары» конкурсына 5 окушы қатысып, жүлделі I орындарды иеленіп, өзім алғыс хатпен марапатталды.

Сәуір айында облыстық «Smart оқушы» интеллектуалды олимпиадасына 3 окушы қатысып, жүлделі I орындармен марапатталды.

Жоспарға сай «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді», «Женіс деген шат күлкісі баланың», «Үлттар достастығы» тақырыптарында сынып сағаттары өтті.

1 мамыр мерекесіне орай «Біз біргеміз!», 7 мамыр және 9 мамыр күндеріне арналған тәрбие сағаттары өткізілді.

Оқу жылының аяқталуына орай «Білімім – Отаным» атты барлық сыныптарда бірыңғай сынып сағаты үйымдастырылып, оқу жылын қорытындыладық. Окушыларға жазғы демалыста қауіпсіздік ережелерін сақтау үшін жаднамалар таратылды. Балалар мен ата аналарды табиғатты қорғауға, аялауға, таза ұстаяға шақырдық.

1 «Ә» класын 21 окушымен аяқтады.



Келесі оқу жылында бұдан да жоғары нәтижелі жүргізіледі деп сенім білдіремін.

Сынып жетекшісі: Л.М.Нурқасынова.